



ҚАРЖЫ ИГЕРУ
АЛЫНБАС
ҚАМАЛҒА
АЙНАЛДЫ

2-бет



АТЫНА САЙ
АЛАШТЫҢ
АЙБАРЛЫ
АБЫЗЫ ЕДІ!

14-бет



ПОЧЕМУ ВАХХАБИТЫ
НЕ ГОВОРЯТ О
НАЦИОНАЛЬНЫХ
ЦЕННОСТЯХ КАЗАХСКОГО
НАРОДА

12-бет

ҚАЗАҚҰНИ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№41 (807), 22 қазан, 2018

«АҚ ЖОЛ» ДЕПУТАТТАРЫ КӨТЕРГЕН БАСТАМАЛАРҒА ШЕҢЕУНІКТЕР НЕГЕ АЙЛА-ШАРҒЫ ЖАСАЙДЫ?



ӨРНЕГІ ОНЫҢ ЭН ЕДІ

...Институтқа түсуге келіп, сол үйде емтиханға дайындалып жатқам. Әсеттің бір ауылдас ағайыны да сол көшеде тұрады екен. Араларында екі-үш-ақ үй бар жақын көршілер болғасын, әрі қазағынан орысы басым мекен ғой, жақсы араласатын-ды. Ұмытпасам, сол үйдің біз қатарлы бір ұлы осы бөлімшеде бақтың түнгі қарауылы болып істесе керек. Әсет екеуімізді таныстырған осы жігіт.

8-9
бет



Мәжіліске жалған сөйлеп, теріс жауап берудің не қажеті бар еді, егер екі-үш айдан кейін бәрібір сол ұсынысты қабылдайтын болса? Әйткенімен де, егер Үкімет депутаттардың дұрыстығына көздерін жеткізсе, сірә, теріс жауапты қайтарып алып, жолданған сауалдардың авторларына депутаттық бастаманы қолдаймыз деп хабарлағаны әлдеқайда құптарлық болар еді. Жеме-жемге келгенде, биліктің атқарушы және өкілдік тармақтарының өзара әрекеттесуіндегі саяси мәдениет бұл дегеніміз, – деп түсіндірді Перуашев. «Ақжолдың» бұл сауалы биылғы Жолдауда да айтылған салықтық рақымшылыққа қатысты Үкіметтің атына жолданды...

4
бет

КӘСІПОДАҚ - ЕҢБЕК АДАМЫНЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ ҮШІН КҮРЕССЕ ҒАНА, КӘСІПОДАҚ

Елімізде ірі 3 кәсіподақ бар болса, соның ішіндегі осы атауға ең көбірек лайықтысы - Қазақстанның тәуелсіз кәсіподақтар конфедерациясы (ҚТКК), орысша атауы - Конфедерация свободных профсоюзозов Казахстана (КСПК) деп аталатыны ғана. «Біздің билік осы тәуелсіз конфедерацияны жабуды алдына мақсат етіп қойды» дейді тәуелсіз заңгер Жаңабек Әбішев.

3
бет



АҚЫННЫҢ МҰҢЫ МЕН ЖЫРЫ

Қасиетті халқымыздың жадында әрдайым сақталғанымен, кезінде атақ-жөнін атаудың өзіне мүмкіндік болмаған, жырлары шежіреге толы жырау Мұрат Мөңкеұлының есімі еліміз егемендік алғаннан кейінгі дәуірде кеңінен атала бастады.

5
бет

ДО КАКИХ ПОР БУДУТ ПАДАТЬ РАКЕТЫ НА ГОЛОВЫ КАЗАХСТАНЦЕВ?!

11 октября ракета-носитель «Союз-ФГ» с пилотируемым космическим кораблем «Союз МС-10» стартовала с Байконура. На борту направлявшегося к МКС корабля находились космонавт Алексей Овчинин и астронавт Ник Хейг...



10
бет

ҚАРЖЫ ИГЕРУ АЛЫНБАС ҚАМАЛҒА АЙНАЛДЫ

Жыл сайын бюджеттен түрлі бағдарламалар бойынша қыруар қаржы бөлінеді. Әрине, оның бәрі халықтың тұрмысын жақсартуға бағытталғаны белгілі. Алайда сол қаржы жылда толықтай игерілмей жатады.

Ағымдағы жылға жоспарланған жобалардың орындалуын караған Үкіметтің кезекті отырысында Премьер-министр Бақытжан Сағынтаев қарамағындағы министр мен әкімдерге игерілмеген қаржыны кейін қайтаратынын қатаң ескертті. Бұл мәселе жыл сайын қайталанып созылмалы «сырқатқа» айналған. Қаншама рет айтылса да, жайбасар шенеунікер бюджет ақшасын уақтылы ұқсаға алар емес. Өткен тоғыз айдың қорытынды есебі бойынша 53 миллиард теңге шоттарда пайдаланусыз жатқан көрінеді. Ал кейбір маңызды салаларға осы қаржы ауадай қажет. Ақшаны игере алмағандардың көшіні Мәдениет және спорт, Қорғаныс, Ұлттық экономика министрліктері бастап



түр. Аймақтардағы әкімдіктер де қолдағы бар ақшаны игермеген. Әсіресе, Астана қаласы мен Түркістан облысы 10 миллиардқа жуық, Қызылорда 2, Алматы 1 жарым миллиард теңгені қажетке жарата алмаған. Бақытжан Сағынтаев жылдың соңына дейін тағы да 3 ай уақыт қалғанын айтып, әр айдың қорытындысы бойынша игерілмеген қаржы кейін қайтарылатынын тағы да ескертті. Бүкіл халық сенім артып

отырған қомақты бюджеттік қаржының игерілмеуі не себепті жыл сайын қайталанып отыр? Жобалар дұрыс жоспарланбай, ақша аймақтарға кеш түсіп жатыр ма, әлде басқа да себептері бар ма? Қаржыны игерілмеді деп қайтып алу түпкілікті шешім емес екені белгілі. Бүйте берсек алға қойған жоспарларымызды біз ешқашан орындай алмаймыз. Бұл мәселенің түп-тамырына тереңірек үңіліп, нақты шешетін кез жетті емес пе?..

МИНИСТР ГАЗЕТТЕРДІҢ ӨМІРШЕҢДІГІНЕ СЕНІМ БІЛДІРДІ

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев Шығыс Қазақстан облысының БАҚ басшыларымен, басылым редакторларымен, блогерлермен, жастар өкілдерімен кездесті. Кездесу барысында ол Жолдаудың әлеуметтік бағыты мен оның қазақстандықтардың өмір сапасын арттырудағы маңызын атап өтті.

Бұл мәселеде ол мемлекеттік қызметті цифрландыру мен автоматтандыруға ерекше тоқталды. «Бұл барлық азаматтарға қатысты. Мемлекеттік қызмет проактивті болуы тиіс. Біздің алдымызда мемлекеттік қызмет түрінің 90 пайызын электронды форматқа ауыстыру міндеті тұр. Біз оны іске асырамыз», — деді Дәурен Абаев. Өзгеріс барлық дерлік салаларды қамтиды. Мысалы, 2019 жылы электрондық денсаулық төлқұжаттарын енгізу мен құжат айналымын цифрлы түрде жүргізу кезектер мен бюрократиядан арылтады. Кездесу барысында өңірлік журналистик



қауымдастықтың өзекті мәселелері де назардан тыс қалған жоқ. БАҚ өкілдері министрмен өздерін толғандырып жүрген мәселелер мен қазақстандық журналистиканың келешегін талқылады. Шығыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпованың айтуынша, аймақта 152 БАҚ тіркелген, оның 123-і — баспа басылымдары. Талқыланды мәселелердің дені газет шығарушылардың тап болып отырған қиындықтарына қатысты болды. Дәурен Абаев интернет-

басылымдардың саны артып келе жатқанына қарамастан, газеттің өміршеңдігіне сенім білдірді. «Зерттеу материалды интернетте оқуға орташа алғанда 40 секунд уақыт кететінін, тура сондай мақаланы газеттен оқу 40 минутқа дейін жұмсалатынын көрсетіп отыр. Себебі, газетті терең ұғынып оқисын. Мүмкін, оқу мәдениетін жоғалтқан болармыз. Бірақ оны қайтару үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймыз», — деп сендірді ведомство басшысы.

САЛЫҚТЫҚ АМНИСТИЯ ҚАНДАЙ ЖЕҢІЛДІКТЕР БЕРЕДІ?

Президенттің тапсырмасына сәйкес шағын және орта бизнеске қатысты салықтық амнистия бір жыл бойы күшінде болады. Бұл туралы Үкімет үйінде өткен баспасөз мәслихатында Қаржы министрі Әлихан Смайылов айтты.

«Ең алдымен, амнистия биылғы жылдың 1-қазанында қалыптасқан берешектері бойынша тек шағын және орта бизнеске қатысты болады. Қазір біз тиісті заңнамаларға өзгерістерді қарастырып жатырмыз. Берешектерді сызып тастау келесі жылдың басынан аяғына дейін (яғни, 2019 жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейін) жүргізілетін болады. Шағын және орта бизнес өзінің берешегін төлейтін болса, сонда

біз сол берешектің үстіне қосылған айыппұлдың бәрін кешіретін боламыз», — деді Әлихан Смайылов Елбасы Жолдауындағы міндеттерді жүзеге асыруда қаржылық қолдау бойынша өткен баспасөз мәслихатында. Еске сала кетсек, осы жылдың 5 қазанында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: Табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Жолдауын жариялаған болатын. Аталмыш

Жолдауда Президент 2019 жылдың 1-қаңтарынан шағын және орта бизнес үшін салықтық амнистия жүргізілетінін атап өткен еді. «Бизнес жұмысын таза парақтан бастау үшін 2019 жылдың 1-қаңтарынан шағын және орта бизнес үшін салықтық амнистия жүргізуге кірісуді тапсырамын. Дегенмен, барлығы да тегіс болып отырған жоқ. Біріншіден, салықты әділ төлейтін бизнес бар. Ол ертең «ананікін сыздың, менікің неге сызбадың?» дейді. Яғни, ол мемлекетке негізгі салығын төлеген болса, онда өсімпұлдар мен айыппұлдар жайында сөз болып отыр», — деген еді Елбасы.

«АҚ ЖОЛ» ПАРТИЯСЫНЫҢ ҰСЫНЫСЫМЕН САНКТ-ПЕТЕРБОРДА ӘЛИХАНҒА ЕСКЕРТКІШ ТАҚТА ҚОЙЫЛАДЫ

Алаш көсемі Әлихан Бөкейханға ол оқыған Ресейдегі Санкт-Петербур мемлекеттік орман-техникалық университетіне ескерткіш тақта орнатылатын болды.

Бұл ұсынысты, яғни ескерткіш тақта орнату «Ақ жол» Демократиялық партиясының төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев бастаған парламенттік фракция ұсынып, Санкт-Петербур мемлекеттік Орман-техникалық университетінің ректорына арнайы хат жолдады. Оған қоса «Ақ жол» Ресей Мемлекеттік Думасын да іске жұмылдырды, атап айтқанда — «Справедливая Россия» партиясының Мемлекеттік Думадағы С. Миронов бастаған фракциясы қызу қолдау көрсетті. Нәтижесінде, осындай сәтті де, қуанышты шешім қабылданды.

Одан бөлек «Ақ жол» партиясы ұлт көсемінің қиян-кескі күреске толы ғұмырының ақырғы 15 жылын (1922-1937 жж.) өткізген Мәскеудегі Б. Кисловский орамы, 4 үйі мен Самара қаласындағы 1909-1917 жылдары тұрған Казанская көшесі, 30 (қазір 32 үй) үйіне де естелік тақта орнату ісі қолға алып отыр. Бұл игілікті іске байланысты «Ақ жол» партиясының төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев Қазақстанның Ресейдегі Елшісі Иманғали Тасмағамбетовке арнайы хат жолдады.



«Ақ жол» партиясының осындай жүйелі ұсыныстары мен нақты істерінің арқасында бүгін таңертең Санкт-Петербурдан қуанышты хабар келіп жетті. Алаш көсемі Әлихан Бөкейханнның 1890-1894 жылдары оқып бітірген бұрынғы Императорлық Орман институты, қазіргі Санкт-Петербур мемлекеттік орман-техникалық университетінің Ғылыми кеңесі бас ғимаратының маңдайшасына өзінің даңқты түлегі, 2015 жылы ЮНЕСКО Бас конференциясының 38-сессиясы «Бүкіл әлемдік шынайы даңқты қайраткер» деп жариялаған Әлихан Бөкейхан туралы естелік тақта орнату туралы «Ақ жол» партиясының ұсынысын басым дауыспен қолдап (27 дауыс қолдады, 7 дауыс қарсы, 5 дауыс қалыс қалды), игілікті шешім қабылдады.

Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан өсімі әрқашан да ардақтауға лайықты.

«Ақ жол» партиясы Алаш идеясын насихаттауды жүйелі түрде, нақты істермен жалғастыра береді.

ЕҢ ТӨМЕНГІ ЖАЛАҚЫ КӨТЕРІЛЕДІ

Қаржы министрі Әлихан Смайылов Қазақстан Президентінің Жолдауында айтылған міндеттерге сәйкес ең төменгі жалақыны көтеру үшін қанша қаражат бөлінетінін айтты.

Қаржы министрінің айтуынша, алдағы үш жылда Президенттің Жолдауындағы міндеттерді орындауға 1 трлн. 288 млрд. теңге қарастырылған. «Нақтырақ айтқанда, ең төменгі айлық жалақыны көтеру үшін 85,8 млрд. теңге бөлінеді. Тиісінше, бұл қаражат 275 мың қызметкердің айлығын өсіруге бағытталады. Өңдеу өнеркәсібі мен экспортты ілгерлету үшін 500 млрд. теңге бөлінеді. Ол қаражаттың 322 млрд. теңгесі — Ұлттық қор мен Республикалық бюджеттен бұрын бөлініп, қайта пайдаланылып жатқан қаражат. Шағын және орта бизнесті дамыту үшін үш жылдың ішінде 90 млрд. (яғни, жылына 30 млрд. теңге) бөлу қарастырылған», — деді министр Үкіметтің баспасөз орталығында өткен жиында.

Әлихан Смайыловтың айтуынша, агроөнеркәсіп кешенін дамыту үшін үш жылдың ішінде 300 млрд. теңге (жылына 100 млрд. теңге) бөлінбек. Сонымен қатар, алдағы 5 жылда «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында 2 млн. адамды үймен қамту үшін 76,6 млн. ш.м. баспана салу көзделген. «Қосымша жалға берілетін үйлердің құрылысына 30 млрд. теңге бөлінетін болады. Бұл 250 мың отбасының тұрғын үй мәселесін шешуге мүмкіндік береді. Білім нысандарын салу үшін үш жылда 50 млрд. теңге бөлу көзделген. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, сонымен қатар мектептегі психологтардың жұмысын күшейтуге 16,8 млрд. теңге қарастырылады (жылына 5,6 млрд. теңге)», — деді министр.



Елімізде ірі 3 кәсіподақ бар болса, соның ішіндегі осы атауға ең көбірек лайықтысы – Қазақстанның тәуелсіз кәсіподақтар конфедерациясы (ҚТКК), орысша атауы – Конфедерация свободных профсоюзозов Казахстана (КСПК) деп аталатыны ғана. «Біздің билік осы тәуелсіз конфедерацияны жабуды алдына мақсат етіп қойды» дейді тәуелсіз заңгер Жаңабек Әбішев.

«Неге?» деген заңды сұрақ туады мұндайда. Заңгердің айтуынша кәсіподақ деген ұйымның өзі тиісті жағдайда жұмыс берушілердің қитұрқы әрекетінен жұмыскерлерді отандық және халықаралық заңнамалар шеңберінде айқаса жүріп

КӘСІПОДАҚ – ЕҢБЕК АДАМЫНЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ ҮШІН КҮРЕССЕ ҒАНА, КӘСІПОДАҚ

қорғайтын, қорғауға тиіс ұйымның атауы. Кеңес кезінде жұмыс беруші жүз пайыз мемлекеттен тұратын. Сондықтан, шынайы кәсіподақ ол кезде болды деп айтуға ауыз бармайды. Енді кейінгі 27 жылда саяси, қоғамдық жағдай күрт өзгергенімен мемлекетіміздің кәсіподаққа деген көзқарасы сол өзгермеген күйінде қалды – ол кәсіподақ бүгін де «қолбаланың қызметін атқарып, «ләппай!» деп құрақ ұшып тұрса, саусағымның ұшымен шақырсам, зыр жүгіріп алдыма келсе, айтқаным көне, айдауыма жүрсе» деген кеңестік кәсіп мұраның жаңа кейіпті сарқыншағы. Кәсіподақ өз атына сай жұмыс істей бастаса ол оппозиция атанып шыға келеді, ал, оппозицияны біздің биліктің онша жақсы көрмейтіні, шамасы келсе жабуды дайын тұратыны белгілі...

Ал, кәсіподақ секілді ұйымды жабу – сот шешімі арқылы жүзеге асады. Және заң атауына белден баса отырып. Оларды жабу жайлы біздің Азаматтық Кодексте де, Қылмыстық Кодексте де айқын, қысқа да нұсқа етіп ештеңе жазылмаған. Ол қоғамдық ұйымдар қатарында қаралады. Олардан бөлек заңды тұлғалар бар. Кәсіподақтың жұмысына мемлекеттің араласуға хақысы жоқ – Конституциямыздың 5-бабының 2-тармағына сәйкес «Қоғамдық бірлестіктер заң алдында бірдей. Қоғамдық бірлестіктер ісіне мемлекеттің және мемлекет ісіне қоғамдық бірлестіктердің заңсыз араласуына, қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік органдардың қызметін жүктеуге жол берілмейді». Ал, Қылмыстық Кодексте бұл ережеге қатысты, соның ішінде «мемлекет қоғамдық бірлестік ісіне араласа алмайды» деген бап атымен жоқ...Тек оның 9-тармағында «Коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» жайлы айтылады.

Екіншіден, біздің жаңа тарихымызда, 1917 жылдан бергі тарихымызда кәсіподақ ұйымын жабу деген оқиға болмаған. Сондықтан, соттар оны қалай жабуды білмейді. Сот енді не істейді? «Кәсіподақ ұйымын, яғни, заңды тұлғаны жаптық» дейді-дағы, соны сылтау етіп ұйымның БИН-ін алып қояды. БИН дегеніміз – бизнес-идентификациялау нөмірі. Яғни, сіздің есеп-шотыңызға ешнәрсе түспейді де, сіз одан ешнәрсе аламысыз да деген сөз. Бұл – заңсыз. ҚР Азаматтық Кодексінің 49, 50-баптарында кез келген заңды тұлғаның қалай жабылуы тиіс екендігі көрсетілген, сондағы заң талаптарына қайшы.

Біздің Қазақстанның тәуелсіз кәсіподақтар конфедерациясы (ҚТКК) Халықаралық кәсіподақтар конфедерациясы деп аталатын еуропалық ұйымының мүшесі. Соған біздің кәсіподақ мүшесі жарна жөнінен қарыз. Бір жылда бір рет төлеп тұруымыз керек, ал, біздің есепшотымыз, БИН-іміз жабық. Бір соттастық. Сот шешімін бұздыра алмадық. Біздің кәсіподақтың

орнына үкіметтің қолдауымен «Аманат» деген кәсіподақ құрылды. Бізге «сендер де жаңа кәсіподақ құрыңдар, соны тіркел берейік» деген ауызша келісімнен соң өтініш бергенбіз. Бірақ, өтінішіміз «ана жердегі нүктесі дұрыс қойылмаған, мына жердегі үтірі қалып кеткен» деген сан-алуан желеумен ол да тіркелмей жатыр.

Кәсіподақ жетекшісіне қарсы қылмыстық іс қозғалды. Кәсіподақ та партия секілді қоғамдық ұйым қатарына жатады, екеуінің құқықтық мәртебесі бірдей. Партияның түкпірдегі бір ауылдағы тұрғыны бастауыш партия ұйымының атына «мына партия мүшесі ретінде жарна төлеп тұрмын, бірақ, партия мені қорғамайды» деген секілді арыз жазса, сол үшін партияның

отырғанымыздай түзеле ме?» деген сұрақ та қойылған еді. Мен «түзелмейді» деп жауап берген едім. Сөйтсем, қателесіппін. Олар жеңілдіктерді бірқатарын алып тастап еді, біздің биліктегілер қайта-қайта шабуылдап жүріп, екі жақ келісімге келеді.

Жалпы, халықаралық кәсіподақтық ұйымдардың ескертпесін елемеге болмайды. Болмайтынын түсіну үшін бір ғана мысал келтірейік. Сонау 2003 жылы Халықаралық еңбек ұйымына Беларусь елінің салалық кәсіподақтарының бірінен түскен арыз-шағым бойынша бұл ұйымның әкімшілік кеңесі Беларусьқа комиссия жібереді. Ал, арыздың мағынасы тура біздің жағдайға ұқсас болған – үкіметтің талап етуі бойынша оларда да әлгі кәсіподақ жабылған



екең. Мәселе Беларусь елінің президенті Александр Лукашенконың араласуымен аяқталады: кәсіподақты тарату жөніндегі шешім бұзылады, ал, үкіметтің бұл істегі кінәлі азаматтары қызметінен қуылады.

Неге президент А.Лукашенконың өзі араласады деген сұрақ тұмай ма? Халықаралық еңбек ұйымы мемлекеттің кәсіподақ ісіне заңсыз араласқанын көргеннен кейін өзінің тәжірибесінде қолданып жүрген әдіске жүгінеді: БҰҰ-ның құрылымдық бөлімі ретінде ол халықаралық қаржылық ұйымдарға – Бүкіл дүниежүзілік банкке, Халықаралық валюта қорына Халықаралық еңбек ұйымының алдындағы өзінің мойнына алған міндеттемесін орындамайтын елдерге санкция қабылдау жайлы өтініш жасай алатын құқығын пайдаланады. Соның салдарынан Беларусь елі халықаралық несие аларда пайдаланып жүрген өзінің жеңілдіктері мен преференцияларынан айрылады. Ал, бұл соққы елдің экономикасына ауыр тиеді, сондықтан, президент Лукашенконың өзінің араласпауына, жағдайды өз абыройын жұмсап барып жөндемеуіне амалы қалмайды...

Аса ірі норвег кәсіподақтары тағайындаған Артур Свенсон атындағы адам құқығы бойынша берілетін халықаралық сыйлықты 2018 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның тәуелсіз кәсіподақтар конфедерациясының өкілдері Лариса Харьков, Нұрбек Құшақбаев, Әмин Елеусінов үшеуі адамдардың еңбек құқығын қорғау жолындағы күресі үшін алды. Бұл үш кәсіподақ белсенділері осы жолдағы күресі үшін сотталған болатын. Л.Харькованың бостандығы шектелген болса, соңғы екі азамат бас бостандығынан айрылып, түрмеге қамалған еді. Осы аталған азаматтар халықаралық ынтымақтастықтың арқасында бүгін азаттық алып отыр.

Қызық жағдай. Біздің жабылған кәсіподақ ұйымымыздың өкілдері халықаралық сыйлық алады. Онымен де қоймайды, халықаралық түрлі жиындарға да шақырылады. Билік қате қадам жасағанын мойындағысы келмейді, біздің елдің ұйымына, жеке азаматтарына шамасы келгенімен, халықаралық ұйымдардың талабын орындауға, біздің кәсіподақтың өкілдерін жиындарға қатыстыруға мәжбүр.

Бір сөзбен айтқанда, күрес жалғасып жатыр. Біз өз тарапымыздан Бауыржан атамның бір ғана сөзін еске түсіріп кеткіміз келеді: «Әділдік әрқашан жеңеді, тек кешігіп жүреді».

Алмамбет ӘЗИЗҰЛЫ

■ КӨЗҚАРАС

«Ақ жол» жетекшісі Азат Перуашев Мәжілісте өткен Дене шынықтыру және спорт туралы заң жобасын талқылау барысында бірқатар мәселелерге байланысты өз көзқарасын ортаға салды.

КӨКПАРШЫЛАРЫМЫЗ «КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫНДА» КЕЛІСІП ОЙНАДЫ МА?

«Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында әлеуметтік инфрақұрылымның қолжетімділігін қамтамасыз етуді, 100 спорт кешенін ашуды және жаңа спорт ғимараттарында мектеп оқушыларының спортпен тегін шұғылдануын қолға алуды тапсырды. Неліктен, заң жобасында бұл нормалар жоқ? «Ақ жол» фракциясы аталмыш заңға осындай талаптарды енгізетін болады», – деді депутат.

Ол мемлекеттік қаражатқа салынған кешендердің жеке меншік иелеріне беріліп, кейін олар жаттығулар үшін 5 мың теңгеден басталатын, қарапайым халық үшін қолжетімсіз бағаларды белгілегені жөнінде мысалдар келтіріп өтті.

«Сайып келгенде, бұл нысандар сол балалардың ата-аналары төлеген салықтарының есебінен салынады. Неліктен олардан ақша талап етіп, ескітерін тарс бекітеді? Бұл жерде бұқаралық спорт немесе қолжетімді спорт залдары туралы қандай сөз болуы мүмкін? Содан кейін барып әр жерден шетелдік легионерлерді шақырамыз», – деп өз ашуын жасырмады Перуашев.

«Лондонда өткен ойынды естеріңізге алсаңыздар – 7 бірдей алтын медаль! Елге үлкен қуаныш әкелді, әрбір жеңімпазға 250 мың доллар ақшалай сыйлық, пәтерлер, ордендер...»

Ал содан кейін допинг дауы, медальдардан айрылу, неткен қорлық еді. Манеза, Чишанло, Подобедова ... Олар ең құрмағанда өзіміздің отандастар болса игі еді, Қазақстанда бүкіл өмірін спортқа арнаған. Оларды не себепті елге тартты? Алатын ақшасын алып, кейін лактырып кету үшін бе сонда?

Жақсы, болашақта сіздер сыйақыларды қайтаруды ұсынасыздар, егер медальдарынан айырыса. Ал, сіздер сол легионерлерден тым болмаса мемлекеттік наградаларды, ордендерді қайтарып алдыңыздар ма?», – деп сұрады ол. Вице-министр Сәкен Мұсайбеков допингті қолданғаны жарыстардан шеттетілген легионерлерден мемлекеттік наградалары қайтарылып алынбағанын айтты.

«Президент айтқандай, спорт залдарын неге тегін етпеске, чемпиондарымызды өзіміз дайындап шығарайық», – деп түйіндеді Перуашев.

– Мен сіздің министрліктеріңіз бейне бір жоғары жетістікті спорт түріне ғана емес, Сіздер балалар секциясынан бастап бұқаралық спортқа жауап берулеріңіз қажет».

«Ақ жол» жетекшісі сондай-ақ, министрлікті «Әділ ойынға» («FairPlay») қатысты тексеріс жұмыстарын жүргізуге шақырды. Осы орайда қоғамның назарына ілігіп, түрлі әңгімелерге негіз болған Қырғызстанда өткен әлемдік «Көшпенділер ойындарында» қазақстандық көкпаршылардың өзбек командасынан ұтылып қалғаны жөнінде мысал келтіріп өтті. Бұл оқиға жұртшылық пен жанкүйерлердің күшті реакциясын туғызып, спорттың этика мәселелерінің бетін ашты.

«Министрлік келісіп алынған ойындарды назардан тыс қалдырмай, мұндай әділетсіздікке жол бермеуі керек. Дәл солардың кесірінен талантты спортшылар кетуде, елдің спорттық абыройына нұқсан келуде. «Ақ жол» фракциясы Заң жобасына спорттық этика жөнінде осындай ұсыныстарды енгізеді», – деп атап өтті Перуашев. С.Мұсайбеков Көшпенділер ойындарында орын алған жағдай барып тұрған сорақылық екенімен келісті. «Біздің көкпаршылардың барлық көрсеткіштер бойынша өзбектерден жеңіліп қалуы мүмкін емес еді. Олар – әлемдегі ең мықтылары. Әрине, келешекте арнайы механизмдеріміз болуы қажет», – деді ол мәселенің маңыздылығын мойындап.

«Ақ жол» партиясының баспасөз қызметі

АҚЖОЛДЫҚТАР ЖОЛДАУҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТТІ

Алматыда «Ақ жол» демократиялық партиясы қалалық филиалында ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың биылғы Жолдауын талқылауға арналған конференция болып өтті. Конференция жұмысына партия төрағасы, ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Азат Перуашев, фракция депутаты Ерлан Барлыбаев, партия төрағасының орынбасары Қазыбек Иса, Орталық Кеңес хатшылары Әбдіразақ Сұлтанов, Нұрлан Жазылбеков, қатардағы партия мүшелері, еңбек ардагерлері және белсенді жастар қатысты.

Күн тәртібінде бірнеше мәселе қарастырылды. Отырыс бірінші кезекте Елбасының Қазақстан халқына арналған биылғы жолдауын талқылады. Конференцияда алдымен партия жетекшісі Азат Перуашев жолдауда жүктелген міндеттерді атай отырып, арнайы баяндама жасады.

Мәжіліспен өз сөзінде бүгінде әлем елдерінің көшбасшыларын дүниежүзілік саяси ахуал мен қор нарығы, тауарлық тартыс, түрлі экономикалық санкциялар ерекше алаңдатып отырғанын атай келе, мемлекет басшысы биыл өз жолдауында басты назарды қарапайым адамдардың мүддесі мен қатардағы тұрғындардың тұрмыс жағдайын жақсартуға аударып отырғанын атап өтті. Халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуда отандық өндірісті өркендететін кәсіпкерлік, шағын және орта бизнесті дамыту өте маңызды. «Ақ жол» партиясы кәсіпкерлікті қолдап шағын және орта бизнес өкілдерін тұрақты түрде қорғап келе жатқаны белгілі. Осы аталған сала қарапайым тұрғындардың тұрмыстық деңгейін көтеруге тікелей әсер етері белгілі. Әсіресе кәсіпкерлікті дамыту арқылы жаңа жұмыс орындары ашылып, біз өз экономикамызды көтеруге жұмыс істейміз. Импортты барынша азайту үшін отандық өндірістің көкжиегін кеңейтуге міндеттіміз. Перуашев бүгіндер біз шетелден тауарлар сатып алуға жылына кем дегенде 40 млрд. доллар жұмсайтынымызды мысалға келтірді. Егер өз өндірісіміз дұрыс

жұмыс істесе осы қомақты қаржы елімізде қалар еді. Кәсіпкерлікті дамыту бағытында «Ақ жол» партиясы фракциясы көптеген тиімді заңдарды қабылдауға мұрындық болды. Дегенмен, кедергілер әлі де баршылық. Оны ашық айтып, кемшіліктерді түзетудің жолдарын көрсеткен көптеген депутаттық сауалдар жолданды. Тіпті, шешімін таппаған кейбір сауалдарды Үкіметке қайта-қайта ұсынуға тура келген кездер де аз емес. Партия жетекшісі осы орайда кәсіпкерлікке кедергі болып отырған бірнеше түйткілдерді мысал ретінде келтірді. Қазір кәсіпорындарды тексеру барысында айыппұл 5 жыл мерзімді есепке алады. Нәтижесінде, кәсіпкерлерге салынатын айыппұл салық көлемінен ондаған есе асып кетеді. Бұл кез-келген кәсіпорынды банкротқа жеткізіп, жабылуына әкеледі. Біздің мақсатымыз өндірісті, кәсіпкерлікті дамыту болғандықтан оны үш жылға шегеріп, айыппұлды жеңілдету қажет. Бір сөзбен айтқанда отандық өндірушілердің еркін жұмыс істеуіне мүмкіндік жасағанымыз жөн. Шеттен әкелінетін тауарларды рәсімдеуде сәл қателік кетсе ол контрабанда болып есептеледі. Сол үшін қылмыстық іс қозғалады. Бұл да тым қатал шара, оны үлкен айыппұлмен алмастыруды ұсынамыз деді партия жетекшісі.

«Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары Қазыбек Иса бұл жолғы Жолдау халықтың әлеуметтік жағдайына баса назар аударылуымен ерекшеленетінін атады.



Аталған салалардың ішінде мұғалімдердің еңбегіне көңіл бөлінгені, педагогтар туралы арнайы заң қабылдау туралы Елбасының ұсынысына қолдау білдірді. Біздің болашағымыз білімде болғандықтан, осы сала жұмысына ерекше көңіл бөлу қажет. Түрлі реформаларды тықпалайтын біздің бас мұғаліміміз Президенттің тура қойған сұрағына жауап бере алмай, екіліктен көз ашпайтын нашар оқушыдай күмілжитінін мысалға келтірді. Біздің халықтың үштен бірі жастар болғандықтан келесі жылды — жастар жылы деп атауды қолдаған Қазыбек Иса оларды баспамен қамту негізгі міндеттердің бірі екенін білдірді. Осы ретте бір кезде «Ақ жол» партиясы бастамашылық жасап, жастарға жатақхана, жас отбасыларға шағын пәтерлер салу ұсынысы Елбасының қолдауына ие болғанын да айтты. Осы Жолдауда және «7-20-25» бағдарламасында көрсетілген міндеттер барысында бұл аса қажет ұсыныс нақты іске асады деп сенім білдірді. Рухани жаңғыру аясында «Ақ жол» партиясының Алаш арыстарының есімін жаңғыртып, тарихтан лайықты орын алуына күш салып келе жатқанын, бұл игі істер алдағы уақытта да жалғаса беретінін жеткізді.

Конференция барысында өз ой-

пікірлерін білдіргендер Жолдауды түрлі бағыттар бойынша қолдайтындықтарын жеткізді. Еңбек ардагері Көпесбай Жампейісов бұл жолы Жолдауда ардагерлер туралы айтылмаса да, жастарды тәрбиелеуде өз үлестерін қосатынын, ҚазҰУ доценті Арман Жұмәділ білім саласына қатысты көрсетілген міндеттерді құптады. Сол сияқты кәсіпкерлер Марал Томпиев пен Дмитрий Васильев өндіріс саласына қатысты өз ойларын ортаға салды. Партия жиынында ұйымдастыру мәселесі қаралып, дауыс беру нәтижесінде Нұрлан Әбдіжапарұлы Жазылбеков Алматы қалалық филиалы төрағасы болып бірауыздан сайланды.

Партия атқарған іс-шараларда «Ақ жол» жастар қанатының да белсене қатысқанын айтып өткеніміз орынды. Олардың басымы бөлігі ауылдан келген студенттер. Президенттің үндеуін қолдаған жастар «Ақ жол» партиясының өткен жылы жатақхана мәселесі жөнінде көтерген бастамасы үшін өз алғыстарын білдірді. Жиын соңында партияның жаңа мүшелеріне билеттер табысталды. Олардың қатарында жастармен бірге өмірлік тәжірибелері мол еңбек ардагерлері де бар. Жиын соңында конференцияға қатысушылар күн тәртібіндегі аталған мәселелер бойынша қаулы қабылдады.

«АҚ ЖОЛ» ДЕПУТАТТАРЫ КӨТЕРГЕН БАСТАМАЛАРҒА ШЕНЕУНІКТЕР НЕГЕ АЙЛА-ШАРҒЫ ЖАСАЙДЫ?

Президенттің Жолдауы салық саясатындағы анахронизм мен кәсіпкерлерге айыппұл және өсімақылар салу мәселесінде мемлекеттік органдардың ептілігін көрсетті – «Ақ жол» депутаттары көтерген бастамаларға шенеуніктердің айла-шарғы жасағанын әшкереледі.

Шенеуніктер депутаттық сауалдарға жауап беру кезінде жалған сөйлейді — деп Азат Перуашев кешегі өткен Мәжілістің пленарлық отырысында өз сөзін бекіте түсті. Президенттің биылғы Жолдауы негізінен өткен жылы шешілуі тиіс болған кәсіпкерлерге қисынсыз айыппұлдар мен өсімақылар салу мәселесінің өзектілігін арттыра түсті.

Әңгіме салықтық даулар бойынша талап қою мерзімін қысқарту жөнінде «Ақ жол» фракциясы бір емес бірнеше мәрте жолдаған ұсыныстары жайлы болып отыр. «Ақ жол» жетекшісі фракция 2013 жылдан бастап бұл жағдайды Үкіметтің назарына бірнеше мәрте жолдап, Еуразиялық Экономикалық Одақтағы көршілерімізді үлгі ете отырып салық бойынша талап ету мерзімін 5 жылдан 3 жылға дейін қысқартуды ұсынғанын еске салып өтті. Соңғы рет мұндай сауалдарды «ақжолдықтар» 2017 жылғы 19-қаңтарда және 15-наурызда жолдаған. Алайда, өткен жылды қоса алғанда әр жолы бізге фракцияның ұсыныстары «мемлекет пен бизнес мүддесінің теңгеріміне сәйкеспейді» немесе олар «Салық кодексінің жана редакциясын өзірлеу бойынша құрылған жұмыс тобы тарапынан қолдау таппады» деген сыңайлы бас тартқан жауаптар келіп түсті.

Дәл сол 2017 жылдың күзінде Үкімет «мүддеге сәйкес келмейді», я болмаса «жұмыс тобының теріс көзқарасы» деген сияқты өзінің берген мәлімдемесіне қарамастан және де осыған қадам басу керек деген депутаттардың 5 жыл бойы айтып келген талаптары туралы бір ауыз сөз ескертіп атап өтпей, Кодекстің жобасына дәл сондай түзетулер енгізген.

«Біз менменшіл емеспіз, атақ-даңққа да ұмтылмаймыз. Тек қабылдайтын шешімдерден бизнес те, мемлекет те ұтса болғаны. Дегенмен, сөзсіз танданысымызды тудырғаны — мемлекеттік органдар бізге басқаша жауап қайтарады да, ал іс жүзінде мүлдем қарама-қайшы әрекет етеді.

Мәжіліске жалған сөйлеп, теріс жауап берудің не қажеті бар еді, егер екі-үш айдан кейін бәрібір сол ұсынысты қабылдайтын болса? Әйткенімен де, егер Үкімет депутаттардың дұрыстығына көздерін жеткізсе, сірә, теріс жауапты қайтарып алып, жолданған сауалдардың авторларына депутаттық бастаманы қолдаймыз деп хабарлағаны әлдеқайда құптарлық болар еді. Жеме-жемге келгенде, биліктің атқарушы және өкілдік тармақтарының өзара әрекеттесуіндегі саяси мәдениет бұл дегеніміз, — деп түсіндірді Перуашев.



«Ақжолдың» бұл сауалы биылғы Жолдауда да айтылған салықтық рақымшылыққа қатысты Үкіметтің атына жолданды. Фракция бұл тапсырма бұрыннан келе жатқан салық дауы бойынша талап қою мерзімінің артықтығы мәселесін көтереді деп санайды.

«Елімізде талап қою мерзімінің 5 жылға белгіленуі қарыз сомасын жасанды түрде қолдан көтеруге алып келеді. Ол былайша жүзеге асуда, 5 жыл бұрын бір емес бірнеше мәрте тексерістен өткен бизнестің салықтық есеп-қисабында көрсетілген қандайда бір нақты немесе жалған кемшіліктерге килігіп, олқылықтар іздеп тауып алады. Ал, ол үшін заңнамада қаржылық ықпал шаралары, яғни, санкциялар қарастырылған. Содан кейін барып сол сомаға 5 жылдық мерзім ішіндегі айыппұлдар мен өсімақыларды

қосады. Нәтижесінде, айыппұл мен өсімақының сомасы негізгі қарыздың көлемінен де артық болып, кәсіпорынның күнкөрісі қиындай түседі. БАҚ-тың дерегіне сүйенсек, 2018 жылы шағын және орта бизнес өкілдерінің салықтық қарызы 257 миллиард теңгеден асқан, ал оның 122,5 миллиардын айыппұл мен өсімақы құрайды. Демек, бұл дегеніміз шағын және орта кәсіпкерлік өкілдерінің салықтық қарызының жартысын құрайды деген сөз! Президенттің бізге міндеттеген тапсырмасы дәл осы жағдайдың әділетсіздігі мен мағынасыздығын жоюға бағытталған», — деп атап өтті Перуашев және де «Ақ жол» фракциясы Мемлекет басшысының бұл бастамасын түпкілікті қолдай отырып, Үкіметке оны іске асыру барысында мұндай қордаланған мәселелерді түбегейлі шешіп қана қоймай, оның туындауына алып

келген бастапқы шығу себептерін жоюды ұсынады деп түйінделді.

Мәселенің мәнісі де осында, тіпті «Ақ жолдың» бастамасын Үкіметтің заң жобасына қоса отырып, атқарушы билік оны Парламент қабылдағаннан кейін бірден оның іске асырылуын бұғаттап тастаған. Нақтырақ айтсақ — 2017 жылғы 25 желтоқсанда салық бойынша 3 жылдық талап ету мерзіміне көшуді тоқтатып қойып, керісінше, тағы да 2 жылға, яғни, 2020 жылға дейін кейінге қалдыратын Үкіметтің қаулысын қабылдайды.

«Ақ жол» жетекшісі осы орайда «Қазақша айтқанда, «артық қыламыз деп, тыртық қылдық», — деп дөп басып айтты.

Оның айтуынша, Президенттің Жолдауы бұл тәжірибенің жаппай ескіргенін (анахронизмдігін) және тиімсіз әрі осалдығын көрсетіп берді.

Осыған байланысты, Елбасының салық амнистиясын жүргізуге кірісу туралы тапсырмасына үндес Азат Перуашев Үкіметке ағымдағы қаржылық жылдан бастап салықтық даулар бойынша талап қою мерзімін 5-тен 3 жылға дейін қысқартуды ұсынды.

«Ақ жол» партиясы және оның парламенттік фракциясы сайлауалды бағдарламаны жүзеге асыру және отандық бизнестің мүддесін қорғау бойынша жұмыстарды жалғастырады.

«Ақ жол» партиясының
баспасөз қызметі

Қасиетті халқымыздың жадында әрдайым сақталғанымен, кезінде атақ-жөнін атаудың өзіне мүмкіндік болмаған, жырлары шежіреге толы жырау Мұрат Мөңкеұлының есімі еліміз егемендік алғаннан кейінгі дәуірде кеңінен атала бастады. Ертеректе Мұраттың өлең-толғаулары мектеп оқулықтарынан шығарылып тасталған кезде Қажым Жұмалиев: «Мұрат Мөңкеұлы – өз дәуіріндегі тілі бай, күшті ақындардың бірі. Әлеумет өмірінде болған әртүрлі қайшылықтарды көрсетуі, елін сүюшілігі, халықтың ісі үшін күрескен батыр ұлдарын жыр етіп, ерлік өмірі мен ісін кейінгі ұрпаққа үлгі етуі, өнегелі тіл байлығы біздер үшін керек», – деп жазған болатын. Алайда, 1959 жылы Алматыда өткен, әдеби мұраны зерттеп, бағалауға арналған ғылыми конференцияда Мұрат, Шортанбай, Дулат шығармалары халыққа жат деп танылды. Олар тек жоғары оқу орындарында шолу түрінде оқытылуы қажет деген тұжырым жасалды. Ал шындығында Мұрат шығармаларының көркемдік дәрежесі өте жоғары еді. Ол ел басындағы елеулі оқиғаларды, басқыншыларға қарсы жанқиярлық күресті, атақты адамдарды дәріптеп, әдет-ғұрыптардың қалың топқа әсерін білуге ерекше назар аударған ақын болды.

Мұрат ақын – Кіші жүздегі он екі ата Байұлынан тарайды. Байұлының Байсейіт деген баласынан Қитас, Тілес туса, Тілестен – Бөкен, Қаратоқай тарайды. Қаратоқай атамыздан Аққұлы, Айтболат, Андықожа, Шындықе, Бердіке деген бес бала бар. Мұрат Аққұлыдан өрбиді. Аққұлының Қарабие, Жиенбай, Өтеғұл, Маман, Құлсары, Жарылқасын деген алты баласы болған. Ал Жиенбайдан Рақпан, одан Аман, Аманнан Мөңке туады. Мұрат – Мөңкенің екінші ұлы. Мөңкенің үлкен баласы Матай да кезінде күшті ақын болған.

Ақын өмірін зерттеген Х.Сүйіншіалиев «XIX ғасыр әдебиеті» деген кітабында «Әкесі Мөңке өз еліне аты мәлім дәулетті адам. Тайсойған, Қарабау жерлерін мекендеген Қаратоқай ұлыстарының беделді биі», – деп жазған. Ал жазушы Сәбит Мұқанов пен академик Қажым Жұмалиев еңбектерінде «Мұраттың әкесі, Мөңке кедей шаруа, әрі момын адам болған» деп көрсетіледі. Қазірде «Мұраттың әкесі бай, сөзін өткізе алатын би болған екен» деген мағлұматтар жиі айтылады. Дегенмен, ақын әкесі қайтыс болғаннан кейін жетім қалып қой баққаны, жеті жасынан өлең шығарғаны шындыққа жанасымды сияқты.

Мұрат шығармалары туралы айтылғанда жұртшылық оның айтыстарына елендеп, әсерлене тындайды. Оның жасынан елдік мазмұндағы мағлұматтарды жетік білуіне жақын атасы Есеттің ықпалы болған. Оның ақылы жас ақынға қатты әсер еткен. «Сен айтысқа қатыссан, сөзді бірінші бастауға тырыспа. Содан соң қарсы ақынның жеке бас кемшілігіне тиісе берме. Қайта еліне елеулі тұлғаларды, батырларды, халық сыйлайтын адамдарды үлгі тұтып айтуға тырыс», – деп келелі кеңесін берген.

Мұрат кезінде Жаскелең, Бала Ораз, Жантолы, Тыныштық, Ізім шайырлармен айтысқан. Тіл қағысуы, дидарласу сөздері жақсы сақталған. Мұраттың айтыстары негізінен қайымдасу түрінде келеді. Ол қайым өлеңдердің жолдарын қайыра қолданады. Ал Жылқышы деген ақынмен айтысы оның жасырақ кезінде болған. Ақын айтыстың соңғы жағында ел қорғаған ерлерді, мырзалылығымен белгілі болған азаматтарды, қайырымды дәулет иелерін кеңірек айтады.

Жалпы, Сыпыра, Асан, Қазтуған, Шалқиіз, Жиенбет, Доспамбет, Махамбет, Шернияз, тағы басқалардың бірталай шығармалары бізге осы Мұрат секілді ақындардың айтуымен жеткен. Мұратты өз көзімен көрген маңғыстаулық Мұрын

жыраудың айтқан естеліктерін құнды дерек ретінде қарастыруға болады. Ол өзіне бала кезінде алғаш жыр үйреткен Мұрат екендігін мақтан еткен. Ол Мұраттан «Едіге» жырын, кейін «Қырымның қырық батыры» цикліне қарасты барлық жырлар шоғырын үйренген.

Мұрын жырау «Мұрат мен көрген ақындардың ішіндегі ең күштісі еді», – деп бағалаған. Ақынның «Үш қиян», «Сарыарқа», «Қазтуған», «Әттен,

бір қапы дүние-ай» атты толғаулары өзара байланысты, сарындас шығармалар екендігі белгілі. Мысалы, «Үш қиян» мен «Қазтуғанда» отаршылдар қысымынан қиналған елдің жайын өрнектелсе, «Сарыарқа» мен «Әттен, бір қапы дүние-айда» қоян жұтының ауыр зардаптары-баяндлады.

Мұнда ақын Атырау аңғары, Жайық, Ойыл, Қиыл, Жем, Сағыз ойпаты туралы толғанып, олардың қолдан шығып кетіп, елдің мейірімсіз жаудан жәбір көргендігін, барар жер, басар тау қалмай бара жатқандығын айтып торығады. Дәулеттіден бақ таяды, ақыл ақшаға жүгінеді, пәле-жәле көбейеді, арамзалар болыс болып, ел билейді. Заман түзелмесе бет бұрады. Міне, Мұрат жырларының негізгі сарыны – осы.

Замана қайтып түзелсін,
Қоңсыдан туған би болды.

Ақылсыздың баласы,
Ақшасына сүйеніп,
Айтқан сөзі пұл болды.

Заманың мұндай сұм болды.

Осылайша ел арасындағы келеңсіз жайларды санамалап жырға қосқан ақын келешекке күдікпен қарайды. Батпандап кірген кеселдің мысқалдап шыға қоймайтынына налиды. Ұлтқа зиянын тигізетін әрбір нәрсеге қарсы көзқарасын білдіреді. Бұл кезде біз оның ақындықтың дейгейінен шығып, қайраткерліктің биігіне көтерілгеніне куә боламыз. Алайда бұл – жалғыз Мұратқа ғана емес, сол тұстағы барлық ақын-жырауларға тән нәрсе. Олар жекелеген жұртқа елеулі ескертпе айтып қана қоймай, тұтас халықтың тағдырына алаңдады. Мен қауіп еткеннен айтамын,



АҚЫННЫҢ МҰҢЫ МЕН ЖЫРЫ

Ақ борықтай иілген,
Кейінгі туған баланың,
Ұстай ма деп білегін,
Шаяма деп жүрегін,
Шашын, мұрттын қойдырып,
Ашы суға тойдырып,
Бұза ма деп іренін.
Адыра қалғыр заманның
Мен жаратпаймын сүренін,
– деген Мұрат ақынның толғауларын осы тұрғыдан ұғынуымыз керек.

Қазақ еліне тұтқа болған Асан Қайғы, Қазтуған, Орақ, Мамай, Телағыстар өздерінің жанына жаққан ата қоныстарынан амалсыз үдере көшуге мәжбүр болыпты. Сондықтан, Мұрат «Олардан қалған қоныстың енді кімге жақсылығы бұйырар екен?» деп жан жүрегі езіліп, кеңсірігі аши отырып, күйзеледі.

Мұраттың «Қазтуғанын» «Үш қиян» толғауының логикалық жалғасы деуге әбден болады. Оның негізгі қаһарманы – тарихи адам. XV ғасырда өмір сүрген батыр, әрі шешен тұлға. Ол Еділ мен Жайық арасын мекен еткен жампоз жырау. Қабыршақтыны қыстаған Сүйінішұлы Қазтуған. Ақын осы Қазтуған арқылы өз ойын мәнерлеп, терең оймен толғанады. Шығарма әрқашан оқуға да, тындауға да ұнамды, жүрекке жылы тиетін туынды екені анық.

Мұрат ақынның ең көлемді туындысы – «Қарасай-Қази» жыры. Ол Орақ батырдың және оның балалары Қарасай мен Қазидың ерліктері туралы шығарма. Ноғай-қазақтың даңқты батыры Орақ күншіл ағайындардың кесірінен қаза болады. Орақтың досы Акмырзаның қоштасуы, кәрі шешесінің жоқтауы, әйелінің азалы зары ерекше әсерге толы.

Мұраттың «Айжарыққа», «Есенғали болысқа», «Есентемір Тұрабай болысқа», «Қарақожа болысқа», т.б. өлеңдері елдегі болыстық билікке таласуға, сайлауға наразылық білдірген туындылар екендігі анық. Мұрат – сұлулықты, көркемдікті бағалай білген ақын. Оның «Қыз» деген өлеңінде сұлудың сырт көрінісі, елге үлгі болар арудың ақылы мен мінезі, іскерлігі, жүріс-тұрысы, киім киісі түгел дерлік қамтылып, бір адамның бойына жинақтап, жырланады. Жалпы «Айдан сұлу болар ма?», «Жігітті көркем көрсеткен», «Асқар, асқар, асқар тау», «Мен белгілі жүйрікпін», «Ер өлмейді деменіз», «Дүниенің түрт бұрышы», тағы басқа түрленген тіркестер жұрттың жүрегінде әбден жатталған.

Мұрат ескіше хат таныған. Өлеңдерінің көбі жазбаға түскен. Сұңғыла ақынның көптеген өлеңдерін Ығылман Шөрекұлы жадында сақтап, біздің заманымызға жеткізген. Мұрат ақын туралы кезінде Халел Досмұхамедов былай деп жазды: «Мұрат – мақтау өлең айтып мал таппаған адам, заманындағы ұлықтарға шығарған сықақ сөзі көп. Сондай-ақ, Мұрат орынды жерде ешкімнің бет-ажарына қарамай, тиісе сөйлеуден тайынбаған».

Жалпы, Мұратты сал демейді, бірыңғай ақындықпен айналысқан адам деп білеміз. Ол 1843 жылы Қарабау ауылында туған, 1906 жылы Мәмбет құмындағы қаратоқай ағайындарына барып келе жатып, Өрлік тұсында шеркеш Шалда деген жолдасының үйінде қайтыс болады. Оның сүйегін тілеулестері қазақтардан жасырып өткізіп, қазіргі

Жарсуаттың іргесіндегі қорымға қояды. Ақынның осындағы жерленген жерін тауып, белгі қойған осы ауылдағы аталастары Жөкес Кенжеғалиев пен Бердеш Есбосыновтың есімдерін құрметпен атауға тиіспіз.

Мұраттың нағашысы адай руынан екен. Ақын аштық жылдарында Маңғыстауға барып, нағашылары Азамат, Саламат, Сәмет деген кісілерді паналаған. Ақын Қараша деген кісінің Қырықжылқы деген қызына туған дейді. Қайын жұрты есен беріш Иман деген кісі екен. Ақынның Сары, Дәулетқали деген екі баласы, Сәбила атты қызы болған. Сары өмірден ерте кеткен. Ол алты жасар кезінде ауырғанда іші кеуіп, домбыра тартқанда тәуір болып, іші басылады екен дейді.

Мұраттың ұлы Дәулетқали да біршама танымал ақын болған. Ол Орал қаласында өткен Жазушылар одағының съезіне барған. Оған Дәулетқалимен бірге Хамит Ерғалиев, Жәрдем Тілеков, Уәли Жайықов, Сағат Төлебаев, Құлмағанбет Бөріқұлақұлы, Сұраубай Үтібаев, Жанаш Нұрмұқанов сияқты қаламгерлер қатысқан. Осы жиында түскен суретті кезінде Ембіде тұрған Жанашаға бізге арнайы жолдаған еді. Онда топтың бір жақ шетінде Дәулетқали отыр. Дәулетқали «Сөйлемеймін мен неге, төрт аяғым тең жорға, Мен Мұрат ақын баласы» деген ырғақпен жырлайды екен. Қазіргі ғылыми айналысқа түскен суретті атақты суретші, жерлесіміз Мұхит Қалимов салған. Онда ақынның қараңғы түнектен жарық дүниеге үмітпен, жігермен қарап тұрғаны бейнеленген.

Қай кезде де Мұрат ақынның жоқшылары табылып, ол туралы дүркіндеп жазылып тұрды. Өз дәуірінде Халел Досмұхамедов, Қажым Жұмалиев, Ханғали Сүйінішәлиев, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқановтар түрлі зерттеулерін, танымдық мақалаларын жариялады. Ал ғалым-зерттеуші, осы Мұрат ақын туралы кесек-кесек ғылыми еңбектерін жариялап жүрген Бауыржан Омарұлы ініміздің еңбегі ерекше атап өтуге лайық. Жалпы, мұраттанушылар туралы өз алдына бір мақала жазуға болады. Оны алдағы күндердің еншісінде қалдырдық.

Ақынның биылғы 175 жылдығы жерлестеріне де үлкен абыройлы міндеттер жүктейтіні айқын. Баршамыз ақын рухын аялап, оның шығармаларын бүгінгі ұрпақ арасында кеңінен насихаттауға тиіспіз. Әрбір оқушы кемінде Мұраттың екі-үш өлеңін жатқа білуге тиісті десек, оның несі мін?! Мұрат ақынның ескерткіші де ойда болу керек дейміз.

...Тайсойған, Орал бойы

жүрген жерім,

Қызығын дәулетінің

көрген жерім.

Ат мініп мырзалардан,

нар жетектеп,

Қиғаш қас, оймақ ауыз,

бал тамақты

Күнінде асаулықтың

сүйген жерім,

– деп жырлаған Мұрат ақын

есімі енді ұмытылмай, жылдар жылжыған сайын жаңғыра бермек деп ойлаймыз.

Сансызбай БАЗАРБАЕВ,
Қазақстанның «Құрметті журналисі», Индер ауданының Құрметті азаматы.
Атырау облысы.

...Біз жолға шықтық. Астанадан күн сайын қатынайтын Жезқазған поезына отырып, туған жерімізге бағыт түзедік. Журналистика саласында жүрген отыз бес жылда қанша шақырым жол жүргенімді есептеп көрмеппін, дегенмен, бұл сапардың жөні бөлек. Жанымда Жезқазған облыстық телерадиокомпаниясында он үш жыл бірге қызмет атқарған, отбасымен әлі күнге туыстардай болып араласатын қажы Тоғанбай Жәменкеұлы мен зайыбы Рысалды бар. Тәуелсіздік таңымен бірге эфирге жолдама алған, «Жұмадан жұмаға дейін» хабарының жүгін көтеріскен үштіктің бірі, бүгінде Алматыда тұрса да, сыйластығымызға арақашықтық әсер етпей, апалы-сіңлідей болып сырласатын Заря Әмірқызы жұбайы Қалас Жамаловпен жұма күні Теректіде жолығамыз деп келіскен едік. Мақсат – туған жеріме барып, жерлестеріме жылдар белесінде жазылған «Журналист жолы» кітабымның таныстырылымын өткізу және арада ширек ғасыр өтсе де Жезқазған жұртшылығы есінде сақтаған бағдарламаның үш жүргізушісі, үш жүздің басын қосқан, ұлт ұясы – Ұлытауға барып жұртшылықпен жүздесу.

ТЕРЕКТІГЕ БАРҒАН КҮН, ҰСТАЗДАН БАТА АЛҒАН КҮН...

Жұманың таңында сағат тілі 7-ні көрсеткенде туған ауылға да жеттік. Шағын станса болғандықтан бірер минут қана аялдайтын поездан үшеміз түсіп үлгергенше, қолдарында гүл шоқтары бар, шашу шашып қарсы алған, ата-анамның көзін көрген Үмітжан апам бастаған топты көргенде таңқалдым. Әрі қобалжып келе жатқан көңілім орнына түсті.

Осыдан отыз бес жыл бұрын алтын ұя мектебімнен түлеп ұшып, журналистика мамандығын тандап, он үш жыл мысты шаһар Жезқазғанда телерадио саласында жұмыс істедім. Облыс жабылғанда алғашқылардың қатарында Астанаға аттандым. Соңғы жиырма бір жыл елордасында қызмет атқарып жүргендіктен, аядай болса да, аяулы мекен, туған жерім – Теректіге жыл құсындай жылына бір келіп, ата-анамның бейітіне дұға бағыштап кеткенім болмаса, дәл осылай жерлестеріммен жүздесудің сәті түспепті. Журналист мамандығының арқасында қазақ елінің талай қасиетті мекенін аралап, тарихи тұлғалары жайлы телерадиохабарлар дайындасам да, көңіл түкпірінде балалық балдаурен шақтарым өткен кішкентай ауылыма деген сағынышым бұғып жататын.

Інім Бекзат ай сайын туған ауылына бір бармаса жаны жай таппайды, жақсылығына қуанып, жоғын түгендеп хабарласқан сайын ауылдың жаңалығын жеткізіп тұратын. Биыл қала бойынша жыл мекенаттарын анықтайтын «Жомарт жүрек» байқауының «Туған жер» аталымының жеңімпазы атанғанда соңымнан ерген бауырымның азаматтық ісіне апасы ретінде іштей марқайып қалғанмын. Жасаған жақсылығын жаһанға жар салып айтпайтын, өзін әлі күнге сол кішкентай ауылдың бір баласы санайтын інімнің игі істеріне сырттай тілекші болып отырып, шіркін-ай, мен де жерлестерімнің алдына барып, туған жеріме тағзым етіп қайтсам, аяулы ұстаздарыма берген білімі мен тәрбиесі үшін ризашылығымды білдіріп қайтсам деген ойым болатын.

Сондықтан, інім Бекзат «кітабыңның тұсаукесерін туған ауылымызда өткізейік, журналистикаға жолыңның бастауы, армандарың мен алғашқы қадамдарыңа куә болып, қанат бітірген, тілекші болған жандардың ақ батасын алып, туған жерге тағзым жасап қайтсаңшы», – дегенде қуанып кеттім. Баспадан кітабым шығысымен алып ұшып жеттім. Бұл кездесу жайлы қалалық «Сарыарқа» газетінде журналистика саласында өзім үлгі тұтатын әріптес ағаларымның бірі Амандық Рахұлы жан-жақты жазып жариялағандықтан, оқырман қауым мен Астанаға жетпей-ақ хабарласып ізгі тілектерін білдіріп жатты.

Кездесу кезінде көңілімді тербеп өткен

күніме оралтқан, мектепте химия пәнінен сабақ берген, талай олимпиадаларға баптап апарып, үкілеп бәйгеге қосқан Ұлту қажы Бәйменованың сөйлеген сөзі мен берген ақ батасы болды: «Біздің мектепті талай шәкірттер бітірді, қаншасының балалық шағы осы ауылда өтті. Менің риза болатыным солардың ішінде осы екі баланың (інім Бекзаттың еңбегі ғой бәрі) өскен ұясын ұмытпай, туған ауылына жиі ат басын бұрып, соғыс ардагерлеріне өз қаржыларына ескерткіш қойып, ауылдың атын жаздырып белгі орнатып, бүгін алыс-жақын елді жинап кітабының тұсаукесерін өткізуге келгеніне ризашылығым шексіз. Сенің «Қазақ» радиосындағы «Мен қазақтың» атты бағдарламанды он жыл бойы тындағанда, өзіндей шәкіртім барын сезініп, марқайып қалатын едім. Өздеріңнен кейін өсіп келе

Білім алған мектебімнің екі үздік оқушысы кітабымды алып келіп, ұстазым Ұлту қажы мен Ұлытау ауданының әкімі Әнуар Омар тұсауын кесті. Риясыз пейілмен жерлестерім мен сыныптастарым қаумалап, кезінде біз үшін үлкен болып көрінетін клубтың ауласында суретке түсіп, шырайлы кештің әдемі әсерлері жүрек түбіндегі жазбаларға көшіп жатқан сол бір шақты бейнелеп айтуға сөздің де құдіреті жетпейтін сияқты...

ҰЛЫТАУҒА БАРҒАНДА, ӘНУАР КҮТІП АЛҒАНДА...

Ширек ғасыр бұрын көрермендер көзайымына айналған «Жұмадан жұмаға дейін» телебағдарламасының шығармашылық тобы сапарымыздың екінші күнінде жұбын жазбай, араға қаншама жылдарды

өзінде рухани жаңғыру бағытында уақыттың алдын орауға талпыныс жасаған екенбіз. Елбасының жариялаған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты жобасы елім, жерім деген әрбір қазақстандықтың тебірене ойланатын қасиетті борышы деп білетін біз сонау жылдары-ақ оны жүзеге асыруға ірге тас қалаған екенбіз.

Сөз бен істе алшақтық болмай, жүрек қалауымен атқаруға талпынысымыздың уақыттан озып, Жезқазған жұртшылығы есінде жылдар бойы жүрерлік игі қадам жасағанымыз мақсатымыздың биік, халық алдындағы ар мен абыройымыздың таз болғандығы деп ойлаймын.

Мұны араға жылдар салып, өткенге парасат көзімен ой жүгірткен тұсымда бүгінгідей біздер жүргізген «Жұмадан жұмаға дейін» бағдарламасын ұмытпай бізге құрмет

ТУҒАН ЖЕРГЕ ТАҒЗЫМ: «ЖЫЛДАР МЕН ЖОЛДАР»

жатқан буын сендерге қарап, туған жерге деген сүйіспеншілік сезім мен ұстаздарына деген құрметті бойларына сіңіреді, еліктейді. Сол үшін де арнайы бүгін кездесуге келіп, ақ тілегіммен мендей ана бақытына кенеліп, өсіп-өне бер деп алтын жүзігімді сыйға тартамын, әрқашан жарқырап кішкентай ауылдың атын алысқа жеткізіп жүре бер, айналайын!», – дегенде алдымда сан шәкіртті қияға талпындырған ұлағатты ұстазым ғана емес, ақ тілегін арнаған аяулы анам тұрғандай болды.

Ия, менің мамандығым адалдық танытқан жылдар белесінде әр жазған кейіпкерлерімнің, сан түрлі кәсіп иелерінің жан дүниесін жарқыратып аша алуыма ықпал еткен, адалдық бәйгесінде атым озып, бәсекеге қабілетті болуыма себепкер жандар осы шағын ауылдың кішкентай мектебіндегі үлкен жүректі ұстаздарымның арқасы дер едім. Математика пәнінен дәріс беріп, тақтаға шығарған есебінде әдейі кәте жіберіп, ұрыс формуламен шешу жолын тапқан шәкіртіне токсандық бағасына бес қоятын, мектеп директоры болған Ислам Сүлейменов, тарихқа деген қызығушылығымды арттырып, өзімнен жоғары сынып оқушыларының алдында мерейімді өсіріп сабақ бергізіп, әрбір тарихи оқиғаларды жатқа айтатын қабілетімді ерекше бағалаған Нұраш Дүйсенбаев, өзі математик болса да, ақынжанды есебімді шығарып үнсіз отыратын кезімде: «ашық-жарқын мінезі, есепке жүйрік тым өзі, есеп шықса қатесіз, Базаргүл деймін бұл өзі» деп еркелететін Дәмеш Құттығожина, сабақ айтқанда бес емес «6» қойып, үлкен үміт күтетін шәкіртім дейтін Жамбыл Бекжанов сынды ұстаздарым өмірден оза да, бейнелері көз алдымда сол қалпында тұр.

«Білімнің негізі – бастауышта», – деп әр үйдің еркелеріне өз баласындай қараған Ақәйнек Құттығарина ұстазым да мойныма орамалын жауып, ақжарма тілегін жеткізді.



салып, ұлттың ұясы – Ұлытауға бет алдық. Бұған дейін, журналист ретінде біз әкімді күтіп тұратын болсақ, туған жерімізде көрсетілген құрметтің үлкені, қасиетті мекеннің – Ұлытаудай жердің әкімі Әнуар Омардың қасына қолпаштаушы топ ертпей, алдымыздан арнайы шығып, ауыл сыртынан өзі күтіп алуынан, лауазымы өскенде өзгеріп сала беретін мансаптың құлы емес, тектілігі мен кісілік келбетін сақтай білетін Ұлытаудың ұлы екендігін «сырт көз-сыншы» дегендей, бірден байқадық. Аудандық өнер мектебінің ғимаратында өткен кездесу де еркін, ешбір жасандылықсыз, жаттанды сөз, жалған ұрансыз қойылған сауалдарға қарай ашық әңгіме форматында ұйымдастырылғасын ешкімді жалықтырған жоқ. Ұлытау жайлы бірнеше тарихи деректерді сөйлеткен кітаптардың авторы Тоғанбай қажы Құлманұлының: «Қазір ойлап отырсам, біз сонау жылдардың

көрсетіп отырған сіздердің жүздеріңізден, қойған сауалдарыңыздан ұқтым», – дегені көпшілік көңілінен шыққандай.

«Екіге бөлінбейтін келіншек», «Түнгі оттар», «Сіз іздеген әлем», «Ақбота», т.б. кітаптар авторы ретінде отбасы мен жазушылықты қатар алып жүру оңай ма? – деген сауалдан басталып, Заряның әсерлі әңгімесіне қызыға тыңдаған жастар арасынан, «Тәуелсіздік алғаннан кейін өмірге келген жас буыннан қандай үміт күтесіздер?» деген сауал ортаға тасталғанда бұған дейін айтылған сөздерді үнсіз тындап отырған, алғаш еңбек жолын сол кездегі Жезқазғандағы политехникалық институтта оқытушы болып бастаған, мысты өңірде талай техника саласындағы инженер жастарды тәрбиелеуде өзіндік қолтаңбасы бар, бүгінде философия ғылымдарының докторы, бірнеше оқулықтардың авторы, Қалас Жамалов ағамыз әңгімеге араласып, тұщымды жауап берді.

Одан әрі сауалдың жауабын толықтырған Заря Жұманованың Ұлытаудан шыққан тұңғыш академик Өмірхан Аймағанбетұлы Байқоңыров жайлы тереңнен толғап, жастарға ой салар әңгімелерін естіген Бағдат Байжантаев: «Жыл сайынғы өтетін «Академик Байқоңыров оқулары» кезінде осындай дүниелерді айту керек, бұдан былай есімізде болсын», – деп ризашылық сезімін жеткізді.

Өзіме қойылған бірнеше сауалдардың бәріне өткен күндердің жадымда сақталған маңызды оқиғаларын еске алып жауап беруіме тура келді. Қойылған сан сауалдың жауабының түйінін тарқатып, менің журналистік жолымда туған жерім жайында қандай тақырыпта қалам тербедім, тарихи тұлғалардың ұрпақтарымен жүздескенде қандай ғибрат алдым, рухани жаңғырудың құр сөзбен емес, ұрпақ жадында атқарған ісімен қалдыру бағытында не тындыра алдым дегенге жауабым ретінде тұсаукесерін өткізіп, ұлытаулық жастар оқысын деп



арнайы аудандық білім бөліміне, аудандық кітапханаға қалдырған «Журналист жолы» кітабымнан мына жолдарды арнағым келеді:

«Менің журналист болып еңбек жолымды бастаған жылдар өз туған жерімде ұлтты рухани құндылықтармен табыстырудың алғашқы бастамасы болды деп айта аламын. Қойнауы кенге толған құт мекен бұрынғы Жезқазған облысының құрамына жеті аудан және төрт қала кіретін. Өздеріңізге белгілі, Алаш ардақтылары Әлихан Бөкейханов та, Әлімхан Ермеков пен Жұмағали Ақбаев та Ақтоғай ауданында дүниеге келген. Шет ауданы Шортанбай жырау, Ағадар Ағыбай батырын, Жаңаарқа Сәкендей дауылпаз ақынын жас ұрпақ жадында қалдыру үшін республика деңгейінде айтулы шаралар өткізсе, солардың нақ ортасында облыстық теледидардың журналистерінің қатарында жүріп қаншама хабарлар дайындадым. Осындай рухты көтеретін дүниелердің арқасында өз басым олардың ұрпақтарын қатыстырып, туған жерінен – қызмет атқарған жолдарының бәрінен жүріп өтіп, архив ақтарып, алғаш рет облыстық теледидарда «Тәбәрік» атты авторлық бағдарламамды ашып отыздан аса тарихитанымдық дүниелерді көрерменге ұсындым. Ұлттық құндылықтарды насихаттауға арналған бес жылдан аса көрермен көңілінен шыққан «Жұмадан жұмаға дейін» бағдарламасы жөнінде жезқазғандықтар әлі күнге жылы лебіздерін білдіріп, естеліктерін де айтып жүр. Әсіресе, 1992 жылғы дүниежүзі қазақтарының алғашқы құрылтайына келген қандас бауырларымыздың Ұлытау топырағына табандары тиген кездегі толғаныстарын жеткізген хабарларымды, сол кездегі алған әсерлерімді сөзбен жеткізу мүмкін емес. Ұлытаудай қасиетті мекеннің қадірін ұқсын деп сол кездегі облыстық қазақ тілі қоғамының төрағасы болған елге танымал азамат Кенжеболат Жолдыбаев ағамыз бастап, облыстық әуежайдың басшысы тікұшақ беріп қолдау көрсетіп үш сағат бойы әуеден түсірген бейнекөріністермен көмкерілген хабар да жерлестерімнің есінде шығар деп ойлаймын. Жезқазғандағы он үш жылғы журналистік жылдар мен облыстан бастап, республикамыздың бірнеше қасиетті жерлерін аралап хабар дайындаған жемісті жылдарымнан соң, жаңа елордасына ауысқасын да туған жерімнен қол үзген емеспін. Жезқазғандық елімізге белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Әлихан Бәйменов құрған «Ұлытау» қоғамдық қозғалысының ұйымдастырған 1999 жылғы халықаралық «Алтай-Дунай» этнологиялық экспедициясына қатысып, үш ай бойы үш елдің шекарасын басып өтіп үш мың шақырым жолды біресе түйемен, біресе жаяу жүріп дайындаған он үш сериялы жолсапар баяным да туған жеріме, өскен еліме қызмет етуде теңізге тамған тамшыдай үлесім деп ойлаймын».

Журналистік жол баянымның соңында осы сапар кезіндегі кездесулерді арқау етіп көрермендерге ұсынған, кезінде өзіміз еңбек еткен қасиетті шаңырақ «Дида» телеарнасының ұжымына (Базарбай Әлеухан, Төлеш Асантегі, Нұрлан Әбжанов), алғашқы мақалаларым жарияланған «Сарыарқа» газетінің ұжымына (Дархан Мұқан, Аманжол Рахұлы, Абдолла Дастанов), «Жезқазғанский вестник» газетінің, «Ұлытау» аудандық газетінің ұжымдарына, кездесуге арнайы келген өзім үлгі тұтатын аға буын ардагер журналистер Аманжол Үсентегі, Батырбек Мырзабеков, Сара Смағұлова, Сағымқұл Жантуринаға, ғалым Кенжебай Ахметовке, кітаптың таныстырылымын жоғары деңгейде жүргізген Ізтілеу Түсіповке, жүздесу үшін уақыттарын арнап келген туған жерімдегі жерлестеріме, сыныптастарыма ризашылығымды білдіремін. Теректіден басталған жолды Ұлытауға дейін жалғастырып, шырайлы кеш өткізуге атсалысқан Ұлытау ауданының әкімі Әнуар Омарға Ұлытаудай қасиетті жерді әлемге танытуда атқарып жатқан жұмыстарына сәттілік тілеймін.

Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Әулиелі Теректіден – қасиетті Ұлытауға дейін» туған жерге тағзым ретінде өткізген кездесулер мен жылдар белесінде жазған дүниелеріміз аядай ауылынан бастау алып, кең байтақ қазақ даласының барлық өңірін кастерлей білуге, сан қатпарлы тарихтың құпиясына үніліп, өлке шежіресін зерттеп-зерделеуде жас ұрпақтың талпынысын оятуға септігіміз тисе мақсатымыздың орындалғаны деп санаймын.

Базаргүл СЕЙІТЖАНҚЫЗЫ,
ҚР Ақпарат саласының үздігі, К.Шалабаев атындағы Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының, Президент Алғыс хатының, «Радио ісінің үздігі» төсбелгісінің иегері



Нұрлан НЫҒМАТУЛИН:

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҮЙРЕНЕТІН УАҚЫТ КЕЛДІ

Білім және ғылым вице-министрі Бибігүл Асыллова қазақша қойылған сұраққа орысша жауап бергені үшін Мәжіліс төрағасы Нұрлан Нығматулиннен сөз естіп қалды. Мәжілісте «2018–2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» ҚР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы талқыға салынды.

Отырыста депутат Мұсырман Кәрібаев білім және ғылым вице-министрі Бибігүл Асылловаға өзін толғандырып жүрген сауалға жауап беруін сұрады.

«Бибігүл Амангелдіқызы, бюджетті көктемгі нақтылау кезінде Мемлекет басшысы Жолдауында қойылған міндеттерді және Президенттің 5 әлеуметтік бастамасын, сондай-ақ басқа да міндеттерді іске асыру үшін білім және ғылым министрлігінің шығыстары 117 млрд. 800 млн. теңгеге ұлғайтылды. Алайда қазіргі таңда аталған сомма 23 млрд.

теңгеге азайтылды. Бұл бөлінген қосымша қаражаттың шамамен 20%-не тең. Бұл министрліктің қосымша бөлінген бюджет қаражатының осынша қомақты соммасын игермеу себебі қандай? Бұл Мемлекет басшысының берген тапсырмаларын толық әрі уақытылы орындауға теріс әсерін тигізбей ме?», — деді ол.

Алайда, вице-министр қойылған сұраққа орысша жауап берді.

Осы орайда Нұрлан Нығматулин Бибігүл Асылловаға қазақша үйренетін уақыт келгенін айтты.

«Бибігүл Амангелдіқызы, сіз



Мәжілісте барлық мұғалім мен оқушыны 3 айда ағылшынша үйретіп жатырмыз дедіңіз. Бірақ сізге де мемлекеттік тілді үйренетін уақыт келген шығар», — деп түйіндеді сөзін Мәжіліс төрағасы.

baq.kz.

Премьер министр Бақытжан САҒЫНТАЕВТЫҢ Семейге сапары жергілікті атқамінерлердің жолына «погон төсеп» қарсы алуымен есте қалды. Яғни, Үкімет басшысы өтетін бағыттың ішіндегі сүбелісі – Абай көшесі бойына қаз-қатар полицейлер тізіліп, қоғамдық бақылау күшейтілгені қызық болды. Жай күндері өтетін терроризмге қарсы күрес мақсатындағы оқу-жаттығу шаралары мұндай дүрбелеңмен өтпейтін еді. Жарық бағандарынан да жиі орналасқан полицейлерге қарап, «Сағынтаевтың халыққа жақындығы осы болды ма, әлде, сауысқаннан сақтығы осы ма?» деген жұрт көкейіндегі сауал жауапсыз қалды.



САҒЫНТАЕВТЫҢ ҚАЗАҚШАСЫН ДОСҚОЖАНОВТЫҢ ОРЫСШАСЫ «ҚҰРТТЫ»

Хош, сонымен, қалада атқарылып жатқан істердің толымдысы – «Қарағайлы» ықшамауданындағы құрылыс нысандарында болып, басқа да өндіріс орындарында, Абай музейінде аялдаған Б.Сағынтаев негізгі жиынды Қазақ гуманитарлық-инновациялық заң университетінде өткізді. Жиынды ашпаш бұрын Бақытжан Әбдірұлы Семейге көктемнен бері неше мәрте «келейін деп келе алмай, жетейін деп жете алмай» қалғанын жасырған жоқ. Есесіне, бұл жолғы сапары Президенттің су жаңа Жолдауы шығуымен тұспа-тұс келіпті. Сол себептен де басқосудың негізгі өзегі Жолдауда айтылған халықтың әл-ауқатын арттыратын жалақының көтерілуі жайында өрбіді.

Премьер-министр өзімен бірге ерте келген Еңбек және әлеуметтік қорғау министрі М.Әбілқасымова, Білім және ғылым министрі Е.Сағадиев, Көлік және коммуникация министрі Ж.Қасымбек, Денсаулық сақтау министрі Е.Біртановқа кезек-кезегімен сөз беріп, министрлер өз салалары бойынша жетістіктері мен Жолдауға қатысты атқаратын істерін ортаға салды.

Жалпы, семейліктер Бақытжан Сағынтаевтың кездесуді бастан-аяқ қазақша жүргізгеніне дән риза болды. Алайда, жиын аяқталар тұста «Әжептәуір ән еді, пұшық шіркін қор қылдының» керін келтірген көріністің куәсі болдық. Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының депутаты, «Азия» фирмасының президенті Әсемқан Досқожанов Президент Жолдауына қатысты ойын орысша білдіріп, жерлестерін бір қуантып, бір қызартты. Қуантқаны – қарамағындағы жұмысшыларының жалақысын арттыратыны болса, қызартқаны – Үкімет басшысының төрде еркін көсіліп отырған қазақ тілін орысша сөйлеп, босағаға түсіріп кеткені болды. Мұны елемеген сыңай танытқанымен, Сағынтаев қорытынды сөзінде: «Біз Семейге Абай, Мұхтар, Шәкәрімді тудырған топырақ деп келеміз. Жиынды қазақ тілінде өткізгеніміз – ұлы тұлғаларға деген құрметіміз» деп Досқожанов сияқтыларға ұлт құндылығын қастерлеуді жаймен ғана ұқтырып кетті.

«Жас Алаш»

ҚАЗАҚСТАНДА ТҰРАТЫН ҰЛТТАР ҚАЗАҚША СӨЙЛЕСУІ КЕРЕК

Біздің болашақтағы ұлттық саясатымыздың концепциясы мынандай болуы керек: Қазақстанда бәленбай ұлт тұрады деп қандай бергенді қойып, «Қазақстанда бір-ақ ұлт, қазақ халқы ғана тұрады. Қалғандары – әртүрлі уақытта осында келіп тұрақтап қалған диаспоралар мен этникалық топтар ғана» деп шегелеп тұрып айтып, ұлтты ұйыстыра түсетін саясат ұстана бастауымыз керек.

Ұлт (нация) дегеніміз не? Қазақстанда тұратын қазағы болсын, орысы болсын, кәрісі болсын – бәрі бір ұлт, бір халық. Және ол ұлт өзара шет тілінде (орысша) емес, мемлекеттік тілде – қазақша сөйлесуі керек. Мемлекетшілдік деп осыны айтады.

Қазір біз Қазақстанда тұратын әр диаспораны бір-бір ұлт деп бөліп қарап, қазақты ешқандай құқықтық артықшылығы жоқ, сол көп диаспораның бірі секілді етіп қойдық. Мысалы, татар халқы – Татарстанда тұрады. Қазақстандағыларын диаспора дейміз. Бір халық қатарынан екі мемлекетте өмір сүре алмайды ешқашан.

Қазақстан сосын қаншама халық тұратын федерация не құрама штат емес, қазақ дейтін бір-ақ ұлт тұратын унитарлы (біртұтас) мемлекет. Қалғанының бәрі осы қазақ ұлтының аясына топтасып, ұлттық бірыңғайлыққа ұмтыла бастауы тиіс. Өз ішіміздегі осы мәселені реттеп алғанда ғана бізде нағыз ұлттық өрлеу (возрождение) басталады, достар!

Жолымбет МӘКШІ
(фейсбук парақшасынан)

Алматының шығыс бетінде,
Кіші Алматы өзенінің бойында қазір Тәттімбет
атындағы көше бар.

Өткен ғасырдың елуінші жылдары ол көше «Садовая» аталатын және қала құрамына кірмейтін, «Горный Гигант» совхозының бөлімшесі еді. Тұрғындары түгелдей алма өсірумен айналысатын-ды. Әр үйдің іргесінен басталатын жекеше бақтар мен совхоз бағының арасы үзілместен жалғасып жатар еді. Қалаға тиіп тұрғанмен, ауылға тән сипатын да бұзбай әрі табиғат аясындағы өзгеше сұлулығын да қоса сақтай алғаны өз алдына, тамыз-қыркүйекте бұрқырай аңқып, саф ауада алма иісіне араласа ұйып қалатын неше түрлі жеміс-жидегінің қою хош иісі тіпті ғажап еді. Әсіресе, кешқұрым Алатаудан өскен сары желмен желпи жететін жұпарының кісіні ішпей-жемей мас қылатын кереметін ұмыту мүмкін емес. Осы бір жәннат төріндей тамаша ауылда менің бір жақын ағайым тұратын-ды. Институтқа түсуге келіп, сол үйде емтиханға дайындалып жатқам. Әсеттің бір ауылдас ағайыны да сол көшеде тұрады екен. Араларында екі-үш-ақ үй бар жақын көршілер болғасын, әрі қазағынан орысы басым мекен ғой, жақсы араласатын-ды. Ұмытпасам, сол үйдің біз қатарлы бір ұлы осы бөлімшеде бақтың түнгі қарауылы болып істесе керек. Әсет екеуімізді таныстырған осы жігіт.



төңірегінде әңгімелейді, әндерін салып береді. Шамасы, сол тұстағы оның ең «музыкалық сауаты мықты» тыңдаушысы мен болсам керек. Жақсы әнді жаныммен түсініп, қуана құттықтайтын болмаса, қайбір жарытымды пікір естіді дейсің менен. Тек адал көңілімді сезетін шығар, сонан соң қуанышын бөліседі де.

Бір жолыққанда ол: «Тамаша ән шығардым» — деді сүйінші сұрағандай қуанып. Әннің аты — «Ұялшақ қыз» екен. Ыстық суығы басылып үлгермеген жаңа ән болғасын ба, қайта-қайта ынылдай айтып, маған да үйретіп жіберген. Әсеттің жаңа әні деп, біраз жұртқа өзімнің жаман дауысыммен-ақ мен де «шырқап» беріп жүрдім әуелгі кездері. Қазір есімде «Мен сені жақсы көрем ұялшақ қыз» деген жалғыз жолы ғана қалыпты. Ән өте парасатты, байсалды, әрі тұнып тұрған лирика еді. Халық сүйіп айтатындай, жастар арасына тез тарайтын-ақ жөні бар ән-тұғын. Бірақ, Әсеттің



Марал ЫСҚАҚБАЙ,
жазушы

Өрнегі оның

1956 жылдың тамызы еді. Үшеуіміз кешқұрым өзен жағасында отырып ұзақ әңгімеден дүкен құрдық. Көп әңгімеден тек Әсетке қатысты жәйттер ғана есімде қалыпты: сол жылы ол Алматыдағы №12-қазақ мектебін бітірген, Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияның композиторлық бөліміне оқуға түспекші болып жүрген. Жанылыспасам, «Алмалы Алматым» дейтін бір әні бар еді. Ол ән туралы бұған дейін-ақ естігем, өйткені осы 12-мектепті менің немере ағам да Әсетпен бірге бітірген. Сондықтан, ол бауырым Әсеттің бұл әнді қалай шығарғанын әжептәуір оқиға ретінде әңгімелеп, тіпті нәшіне келтіре шырқап та берген. Ол өзі кезінде тәп-тәуір әнші еді.

Айналып келгенде, Әсет туралы тиіп-қашты мәліметім бұрыннан-ақ бар-тұғын. Соның әсері болар, мен оны болашақ өнер иесі ретінде ғана емес, қазірдің өзінде танылған талант есебінде мойындағандай едім. Олай дейтінімнің тағы бір себебі — әлгі немере бауырымның айтуына карағанда, Әсеттің сол әні тіпті белгілі балалар композиторы Ибрагим Нүсіпбаев басқаратын балалар хорының орындауында Қазақ радиосынан шырқалып та тұратын көрінеді.

Әңгімелесіп отырғанда, кенет Әсет маған: «Өзің арақ ішкіш емессің бе? Ішкіштер құсап бетінді безуе басып кетіпті», — демесін бе! Екі жағым мен алкымым астында майда безуеім болушы еді, бірақ араққа әуестігім жоқ-тұғын. Ішкіштердің бетіне безуе шығады дегенді естігенім де осы. Кейін де ести қоймаған сияқтымын. Құлағымға түрпідей тиген бұл сөзіне не жауап қайтарғаным есімде қалмапты.

Дәл сол күні ме, әлде келесі күні ме, Әсеттің әлгі қарауыл туысқаны екеуімізді түнгі «жорыққа» ілестіріп шыққаны бар. Әбден жұрт аяғы басылған шақта қолымызға бір-бір дейілше

(шағын қап) ұстатып, бақтың қалың ортасындағы өзі жақсы білетін зәулім апорт ағашының түбіне ертіп келді. Қараңғы түннің өзінде ағаш басындағы жұдырықтай ірі-ірі апорттардың ағараңдаған сұлбасы көз қызықтырады. Иісі тіпті бұрқырап тұр. Бір-біреуін үзіп алып, әшейін екі бармағымызбен-ақ қарқар айырып, күртілдете жедік дейсің! Үлкендігі сондай, екіге бөліп барып тістемесең, аузына сыймайды... Қызығып кеткенбіз ғой, ішіміз онсыз да алмаға бөгіп жүрген.

Сонан соң әдейілеп келген шаруамызға кірістік: бойымыз еркін жететін бұтақтардағы әрқайсысы жарты келіден кем тартпайтын үлкен-үлкен алмаларды бырт-бырт үзіп, бипаздап ыдысымызға саламыз. Бипаздайтын себебіміз — қасымыздағы қарауыл «басшысы»: «Абайландар, ұрылып қалмасын», — деп, ескертіп қояды. Әлімізге қарап та жинамаппыз. Жарты дейілшедей алманы көтеріп, үйге жеткенше иығымды кесіп жібергені есімде.

Бұл жорықтың аты — әрине, ұрлық еді. Және өз басымызға түкке қажеті жоқ ұрлық. Қарауылдың өзі жүріңдер деп шақырған соң ғана. Сонша қиналып жеткізген «жүгімді» әлгі қарауылдікіне тастап кете қоймаған шығармын-ау. Кейін Әсет екеуіміз бұл оқиғаны әзіл үшін еске алып: «Біз түнгі «жорық» үстінде табысқан достармыз» — деп күлетін едік.

Мен ол жолы конкурстан өте алмай, ауылға қайттым да, біраз жыл байланысымыз үзіліп қалды. Араға үш жыл салып Алматыға тағы келдім де, ҚазМУ-дың филология факультетіне түстім. Бұл кездері Әсет «дүрілдеген» атағы бар жас композитор атанып қалған-ды. Баяғы достығымызды еске алып бір-бірімізді іздегеніміз де жоқ, бір-бірімізді жатырқағамыз да жоқ. Кездесе қалсақ, қауқылдай амандасып,

реті келсе, бір-бір саптыаяқ сыра сыйласып, қоштасатынбыз.

Университеттен соң мен Әсеттің туған жері — Жамбыл ауданына мектеп мұғалімі болып орналасқам. Екі жылдан соң директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлығына жоғарылағам. Бір күні қызмет бабымен аудандық атқару комитетіне соғып едім, сол жерде Әсет ұшыраса кеткені. Шұрқырай амандастық. Сөйтсем, ол осы ауданның Мәдениет бөлімінің бастығы болып тағайындалған екен. Бірақ бұл қызметті ол ұзақ атқарған жоқ. «Е, не болып қалды?» — деймін ғой жолыққанда. «Ой, құрысын! Мен істейтін жұмыс емес екен. Үнемі бензин іздестірумен күнім өтеді. Біреу дау айтып келеді, екіншісі әлдене сұрап келеді. Бәрін мен тауып беруім керек. Күндегі тірлігін

осы. Бастық боласың дегенге шіреніп жүреді екем деп ойламаймын ба?! Қысқасы, ол менің қолым емес екен, соны білдім» — деп қарқ-қарқ күледі. Әсеттің мінезін анық танытатын деталь — осы.

Бұл қызметтен босағасын Алматыға қайтып кетер деп едім, бірақ ол Ұзынағашта біразға дейін қалып қойды. Аудан орталығындағы талабы бар балаларға пианинодан сабақ беріп, соны нәпақа етіп жүретін. Осы тұста екеуіміз қайта жақындасып кеттік. Әсіресе, мен мектеп директоры деген лауазымға ие болған соң, аудан орталығына жиірек қатынайтын болғам.

Сол кезде жолығып қалып жүреміз. Кездесуіміз жай өтпейтін. Ол көбіне маған жаңа шығармашылық табысы

белгісіздеу көп әндерінің арасына сіңіп, танылмай қалып қойды. Оның себебін кейін өзім топшыладым. Бірақ, қырсық теріс ақылдан болған. Әсеттің ол әнін тыңдап көрген алматылық бір білгіш оған: «Мына әнді мынандай жеңіл-желпі махаббат мәтініне қор қылу — обал. Тынысы кең патриоттық әнге айналдыру керек. Мәтінін өзгерт» — деп кеңес берген ғой. Әсет соны құп алған. Екі ортада өзгеше сұлу бір ән халыққа жетпей архивтің арасында қалып қойды. Кейде әуен бағын мәтін ашатыны осы мысалдан-ақ байқалса керек-ті. Әсетпен бірге қыдырған кездердің өзі қызықты да болушы еді. Бір жолы күні бойы бірге жүрдік те, мен әлдебір себеппен ауылыма қайтып кете алмайтын болғасын, аудандағы жер үй іспетті жатағандау мей



ДО КАКИХ ПОР БУДУТ ПАДАТЬ ракеты на головы казахстанцев?!

11 октября ракета-носитель «Союз-ФГ» с пилотируемым космическим кораблем «Союз МС-10» стартовала с Байконура. На борту направлявшегося к МКС корабля находились космонавт Алексей Овчинин и астронавт Ник Хейг. Во время начального этапа полета произошла авария носителя, после чего аппарат с экипажем с помощью системы аварийного спасения благополучно приземлился недалеко от города Жезказган. В результате падения ракеты-носителя «Союз» пролилось 22 тонны топлива.

ПОЧЕМУ НАШИ ЧИНОВНИКИ ЛОББИРУЮТ ИНТЕРЕСЫ «РОСКОСМОСА»?!

В пресс-службе аэрокосмического комитета Министерства оборонной и аэрокосмической промышленности РК сразу заявили: никакого вреда для природы нет от этой аварии ракеты. Заранее! Без всякого обследования места падения фрагментов ракеты и пролитого топлива! В свое время Талгат Мусабаев, возглавлявший «Казкосмоса», тоже говорил, что вреда от падения «Протона» нет! Например, из заявления Талгата Мусабаева 2 июля 2013 года следовало, что авария ракеты-носителя «Протон-М» не представляет большой опасности.

То же самое говорил Т. Мусабаев 6 сентября 2007 года, когда произошла авария ракеты-носителя «Протон-М» в 40 км юго-западнее г. Жезказган: «К счастью для нас, основное количество топлива гептил было сожжено». Как известно, в тот раз Россия признала экологический ущерб Казахстану и выплатила компенсацию.

Такие заявления бывшего главного космонавта Казахстана свидетельствовали не только о степени компетентности в вопросах токсичности и опасности ракетного топлива, но и лоббировании интересов «Роскосмоса».

Надо отметить, Россия с большим трудом признает экологический ущерб нашей стране, порой не желает платить штраф. При этом сумма штрафов часто бывает незначительной. Возможно, в желании РФ платить по счетам есть и «заслуга» наших чиновников от космоса — их «поддержка» хорошо помогает скрывать «Роскосмосу» многие «подводные камни» экологического бедствия от космических проектов в Казахстане.

В данной ситуации Казахстан должен добиваться не только запрета эксплуатации «Протонов», но и оплаты (кроме аренды) адресной компенсации населению пострадавших районов. Как в 1991 году Казахстан закрыл Семипалатинский ядерный полигон, так и сейчас необходимо добиваться закрытия российских военных полигонов в нашей стране.

Необходимо провести тщательное расследование каждой аварии. У Москвы нет права распоряжаться жизнями казахстанцев, безопасностью их здоровья, экологией. Ведь «Роскосмос» не в состоянии обеспечить безопасность полетов ракет.

В договоре об аренде космодрома необходимо включить пункт, предусматривающий включение представителей международных космических организаций в состав комиссии по расследованию таких аварий. Тогда мы точно будем знать

ущерб нашей экологии и экономике. В противном случае нас будут продолжать вводить в заблуждение чиновники от космоса России и Казахстана.

СЕКРЕТНЫЕ КОМПОНЕНТЫ РАКЕТНОГО ТОПЛИВА

Больше всех страдают от запусков ракет жители поселков Торетам и Акай Кармакшинского района, расположенных недалеко от космодрома. Например, по сердечнососудистым заболеваниям, заболеваниям дыхательных путей, нервной системы эти аулы занимают лидирующие позиции в области, в этих населенных пунктах с населением 10 тысяч человек родились 49 детей с врожденными патологиями.

По поводу заражения почвы, загрязнения атмосферы от запуска ракет и падения их частей на нашей территории. Конечно, сидя в офисе в Астане, Алматы, наши чиновники не почувствуют вреда от ракетного топлива. А то, что оно через почву попадает в подземные воды, растения, в животных, едящих эти растения, а впоследствии дойдет и до людей, которые живут в той местности, мало беспокоят наших «космонавтов».

После любого запуска с Байконура, даже удачного, погода в Кызылординской области сильно портится. В Кызылорде все это уже давно знают. 25% от суммы аренды Байконура должны идти целевым назначением на оздоровление и социальные проекты Кызылординской области, так как деятельность космодрома наносит ощутимый вред здоровью жителей и экологии региона.

В топливе, пролитого в результате аварии «Союза», — не 100% двухкомпонентная смесь на основе кислорода и керосина. В ракетном топливе имеются секретные компоненты, которые правительство РФ никогда никому не раскроет. Так что оценить безопасность топлива мы объективно не сможем, зная, как в России все делается, особо не беспокоясь насчет экологического ущерба для окружающей среды, тем



более пуски ракет осуществляются не на территории РФ.

Журналист Жасулан Кужеков написал в социальной сети: «Помимо керосина и жидкого кислорода в топливной смеси имеются и стойкие органические загрязнители (СОЗ), использование которых регулируются отдельной Стокгольмской Конвенцией — настолько они живучи и опасны. Но об этом помалкивают и россияне, и наши. Так что мифы о «безвредности» «Союзов» поберегите для впечатлительных дамочек. И о высоких технологиях. Россияне у нас даже болты не покупают, ссылаясь на соглашение о нераспространении ракетных технологий. И только EADS открывает нам доступ к высоким технологиям по сборке спутников, по чуть-чуть. Я уже предупреждал, что договор по «Сункару» — лишь уловка и бесполезная трата денег. Никакой прибыли там не будет, поскольку будущая ракета отстает от конкурентов уже на эскизном этапе».



КАЗАХСТАН ПЛАТИТ ДОРОГУЮ ЦЕНУ ЗА «БАЙКОНУР»

Россия пока не откажется от эксплуатации ракет-носителей «Протон-М» в ближайшие годы: слишком большие деньги сулят они соседней стране. Однако соседи не могут себе «позволить» эксплуатацию этих РН на своей территории из-за известной всем токсичности, поэтому и нет в России стартовых площадок для «Протонов», а в Казахстане — пожалуйста.

В 2014 году произошла крупная авария с РН «Протон-М». Стартовавший 16 мая с Байконура «Протон-М» с космическим аппаратом связи «Экспресс-АМ4Р» на борту сгорел в плотных слоях атмосферы над территорией Китая. Головная часть в составе разгонного блока «Бриз-М» и космического аппарата «Экспресс-АМ4Р» не успела отделиться от ракеты, и спутник не был выведен на орбиту. Предварительная причина аварии — отказ рулевого двигателя 3-й ступени.

Если в 2013 году в России говорили о диверсии по поводу аварии на космодроме, то после аварии 16 мая стали говорить о саботаже. В частности, в ходе расследования в прошлом году выяснилось, что три из шести датчиков оказались перевернуты на 180 градусов: грубо говоря, поставлены «вверх ногами». Но не выяснено, кем и почему эти три датчика были неправильно установлены. Крепление корпусов этих трех датчиков не допускает другой установки, кроме правильной, установить неправильно эти датчики можно только механически воздействуя на оборудование, т.е. к примеру, прибить молотком.

По этой причине никто не может гарантировать, что ракета не собьется с курса и не упадет на один из населенных пунктов. Ведь с 2006 года «Протон» уже восемь раз подводил. Если это диверсия, то против кого? Ведь производители получают компенсацию — все выводимые на орбиту спутники застрахованы.

Казахстан платит дорогую цену за использование «Байконура» Россией. Эксплуатация космодрома с середины прошлого века привела к негативным экологиче-

ским последствиям: загрязнению почвы, воды, воздуха токсичными компонентами ракетного топлива, разрушению естественной биологической системы, гибели флоры и фауны, изменению погодных условий и т.д. Не говоря о «выпадении осадков» в виде космического мусора — ступеней ракет с неотработанным токсическим топливом. В Интернете сеть маленький рассказ о двух мальчиках, которые в степи игрались с какими-то железками: их не успели довести до больницы — столь быстро действует гептил. Есть также неофициальная информация, что местные жители за большие деньги собирали упавшие фрагменты ракет и впоследствии умерли от радиации.

В итоге все это приводило к росту числа заболеваний у населения: инфекционных, онкологических, сердечнососудистых и других заболеваний, увеличению детской и материнской смертности. Недаром Кызылординская область занимает лидирующие позиции по заболеваемости населения среди регионов страны. Статистика настолько тревожна, что дает основание говорить об угрозе генофонду проживающих здесь людей. Сегодня каждый ребенок в Приаралье появляется на свет больным, а к совершеннолетию приобретает целый букет хронических болезней. Особую тревогу вызывает уровень младенческой смертности в Кызылординской области.

Через катастрофы «Протонов», проблемы с двигателями, отзывы уже готовых ракет, небывалая коррупция при строительстве космодрома «Восточный» и теперь авария «надежной» ракеты-носителя «Союз-ФГ» свидетельствуют о закате российской космонавтики. Ведь пилотируемые российские ракеты-носители «Союз» считались самыми надежными, безукоризненными в работе — ныне и этого лишился «Роскосмос».

И пришло время заново оценить совместную работу с Россией в космической сфере, пересмотреть космическую программу, условия аренды космодрома «Байконур», условия выплаты компенсации пострадавшим районам и т.д.

Казахский язык оказался в «терминологическом» тупике. С одной стороны, звучат требования отказаться от неудачных неологизмов, наносящих вред его имиджу. С другой, осуществить это в условиях, когда большинство переведенных терминов уже успело войти в обиход, чревато множеством других проблем...

ПЕРЕСТАРАЛИСЬ...

Издавна язык считается живым организмом, который не терпит насилия и может полноценно развиваться лишь естественным путем. Но для этого требуется время, которое Казахстану, стремившемуся скорее «вернуться к корням», в начале независимости казалось роскошью... Пришлось бежать впереди паровоза, по ходу коррек-тируя маршрут, а иногда и откатываться назад.

Да, за эти годы удалось добиться существенного расширения сферы применения государствен-

РЕШЕНИЕ В ЛАТИНИЦЕ?

Профессиональный переводчик Алия Юсупова, которой приходится ежедневно сталкиваться со словесными новообразованиями, убеждена, что, несмотря на то, что перевод ряда иностранных слов, в том числе и русских, на казахский язык привел к лингвистическим несурзностям, сейчас не совсем целесообразно судорожно их «отменять», поскольку есть опасность внести еще больше путаницы.

— Считаю, что при переходе



